

Михаил КУРГАНЦЕВ:

«Мұқағали Мақатаев поэзиясы арқылы қазақ әдебиетінде өте жарқын, күшті де көрнекті жаңа бір дара тұлғалы ақын пайда болған екен-ау деп те айта аламын. Оның творчествосы біздің бойымызға қуаныш, мақтаныш, рухани күш-қуат құяды».

Әбіш КЕКІЛБАЕВ:

«М.Мақатаев — адамдар арасындағы, өмірдегі, табиғаттағы жарастық пен келісімнің жыршысы. Оның... өлеңдері шын тебіреністен, шын шабыттан, шын күйзеліс пен шын қуаныштан, шын сағыныштан туған».

Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ:

«Қазақ жырының аспанындағы аз ғана жұлдыздардың арасынан сенің жұлдызыңды біз оңай танушы едік. Сенің жұлдызың - ең шұғылалы, ең мейірімді жұлдыз».

Қадыр МЫРЗАЛИЕВ:

«Әдебиетті салынып жатқан ғаламат бір ғимарат, көк тіреген күмбез, сұлулық сарайы деп есептесек, сен соның талантты тас қалаушыларының бірі едің».

Зейнолла СЕРІКҚАЛИЕВ:

«Мұқағали мұрасы, сұлулық үлгісі біздің бүгінгі игілігіміз ғана емес, Мұқағали мұрасы, маржан поэзиясы - болашақ ұрпақтардың да еншісі, қастерлеп-қадірлейтін қазынасы» [4].

Қорытындылай келе, «Ғасыр ақыңы» атанған Мұқағалидің барлық еңбегі тұтастай алғанда, өткен ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елінің рухани дүниесін, тұрмыс-күйін, арман-мүддесін, тарихи тұрғыдағы ұлттық портретін шыншылдықпен хаттаған асыл мұралар қатарына жатады. Өлеңмен де, өмірмен де бүкпесіз қауышып, қалтарыссыз сүйген ақын жүрегі соңғы деміне дейін кіршіксіз сезім өртіне өтті. «Жүрегінің түбіне кір жасырмай» айтып кетті, армансыз ақтарылып кетті. Мұқағали Мақатаев - қазақтың қарапайым тілінің нәрі мен мәнін Абай, Қасымдардан кейін түсініп жазып, түсіндіріп өткен ақын. «Сөз өнерін дертпен тең» көрген парасатты қаламгер. Ақынның әр өлеңінде, әр шумағында бүкпесіз, ақжарқын көңілмен сазды сыр төгіп отырғандай.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. М.Мақатаев Қазақ жырының бір жылы. Жұлдыз 1972 №7
2. Ғ.Есім.Мұқағали жырының философиялық сыры// Білгің келсе алдымен зертте мені. «Сарыжайлау» қоғамдық қоры, 2010
3. Г.Бектасова. Мұқағали Мақатаевтың бұлтты аспаны. Түркістан, 3 ақпан, 2011 жыл.
4. Интернет желісі: bilim-all.k

Ақжан әл-Машанидің өмірі мен ғылыми қызметі

Жоламан Олжас Дәулетұлы

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі, аға оқытушы Смағұлов Н.Б.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Халқымыздың «Жақсы адам-қазына» деген нақыл сөзі бар. Сондай адамдардың бірі емес, бірегейі Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машани өміріне көз жіберсек, ол кісінің тарихта тайға таңба басқандай, артынан өшпес із қалдырғанын байқаймыз. Асыл мұралары, дара жолы бір бөлек. Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани 1906 жылдың 2-ші қарашасында, қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Нұркен ауылында дүниеге келген, ал 1997 жыдың 5-мамырында Алматы қаласында хайтыс болды. Ақжан Машанов өзінің жазған өмірбаянында туып-өскен ортасы жөнінде былай деп баяндайды: «Қарқаралы менің туған жерім. Ол Қарағанды облысындағы ертедегі мәдени және қоғамдық-саяси орталық болған жер. Сол ауданның қазіргі Нұркен атындағы совхоз жерінде ертедегі аты бойынша Жамантайдың Қарақуысы атты мекенде 1906 жылы күзде дүниеге келсем керек. Әкем Жақсыбек Машанұлы мұсылманша сауатты, жайдары, домбырашы орта шаруа адам еді. Ол кісі Машанның ең кенже ұлы [1, 3 б.].

Геолог ғалым, тау-кен инженері, геология-минералогия ғылымдарының докторы (1946ж), профессор (1968ж), ҚР Ұлттық ғылым академиясының алғашқы құрылтайшыларының бірі және 1946 жылдан академияның корреспондент мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері.

Еңбек жолын өзі оқыған мектепте мұғалім болып бастаған Ақжан Жақсыбекұлы 1933 жылдың күзінде Семейдің геологиялық техникумындағы – дайындық курсына оқып, 1934 жылы Алматыда ашылған Қазақ тау-кен металлургия (қазіргі ҚазҰТУ) институтының алғашқы студенттерінің бірі болып қабылданады. Институтта оқи жүре, ол Алматыдағы техникумдарда, курстарда сабақ берді. Қазақстандағы маркшейдер мамандығының негізін қалаушы, профессор П.А. Рыжов зерделі студентті 1939 жылы аспирантураға алып қалады.

1946 жылы Ақжан Жақсыбекұлы Мәскеу қаласында «Кендер құрылымын жер қойнауын геометрлеу әдістерімен зерттеу» тақырыбына докторлық диссертация қорғады. Ғылыми жұмыс үш мамандықтың (геология, механика және тау-кен ісі) түйісінде жүзеге асқан болатын. Сөйтіп, үш ғылым саласының түйісуіне тау-кен ісінде жаңа ғылыми бағыт – «геомеханика» дүниеге келді. А.Машановтың геология, геомеханика саласындағы ғылыми еңбектері, көп жылдардағы далалық, өндірістік, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бүгінде еліміздің жоғарғы оқу орындарының тау-кен мамандықтарына геомеханиканы жаңа ғылыми пән ретінде оқу үрдісіне енгізуге негіз болды. Ол тау-кен саласындағы ғалымдар ішінде алғашқысы болып «Геомеханика» пәнінің мақсаты мен мазмұнын тұжырымдады. А.Машанов көптеген ғылыми кітаптар жазды. Солардың ішіндегі «Механика массива горных пород», «Введение в геомеханику», «Основы геомеханики скально-трещиноватых горных пород», «Геомеханика», «Устойчивость бортов карьеров бассейна Каратау» сияқты монографиялық еңбектері осы саладағы іргелі зерттеулер қатарына жатады. Бір айта кететін жәйт, оның еңбектері «Маркшейдерлік іс» ілімінің отаны Германияда неміс тілінде жарық көрді. Бұл оның ғылыми мектебінің халықаралық деңгейде мойындалуы еді. А.Машанов ғылыми-техникалық білімді көпшілікке кеңінен насихаттаушы. Оның қаламынан туған «Жанар тау», «Жер сілкіну», «Таулар қалай құрылды», «Жер сыры», «Ғажайып ошақ басында», «Табу» сияқты кітаптары көпшіліктің ықыласына бөленді. Ол ғылымның сыр сандығын біртіндеп ашып, інжу-маржанын, талғаммен терген жан. Ғалым «Кісіліктің өлшемі – білімділік, сондықтан да барлық ғылымдар тарихын жақсы білу керек» деген қағиданы біздерге айтудан жалықпады және өзі де өмірінің соңғы сағатына дейін ғылымды сүйіп, ұлы ғалымдарды құрмет тұтып кетті [2, 36 б.].

Ақжан Жақсыбекұлының баға жетпес, ерлікке пара-пар келетін, еңбегі – ұлы бабамыз Әл-Фарабидің қазақ топырағында туып қана қоймай, қаны түркі екендігін дәлелдеудегі, оның еңбектерімен ұрпағын сусындату және насихаттаудағы теңдессіз қызметі. Ақжанның арқасында Әл-Фараби сынды ұлы ғұламаның рухы, есімі өз Отаны қазақтың қара топырағына қайта оралды. Қазақстан жерінен әл-Фарабидің ешбір ізін таба алмаған Ақжан Машанов ұлы ғұламаның мұраларын іздеп, Ташкент, Мәскеу, Ленинград, Уфаның көне еңбектер сақтайтын мұрағаттарын аралап, жер жүзі елдерінің кітапханаларында шашырап жатқан Әл-Фараби еңбектерін жинады [3, 24 б.].

1968 жылдың 19-шы қыркүйегінде КСРО туристерінің құрамында Ақжан Машанов Сирия жеріне аяқ басады. Сириядағы Кеңес елшілігінің көмегімен Шығыстың белгілі адамдарына арналған, яғни тек патшалар, пайғамбар нәсілдері, халифа ұрпақтары, әмірлер немесе солардың ұстаздары ғана жататын Баб ас-сағир зиратынан Әлемнің екінші ұстазы, ұлы ойшыл Әбу Насыр әл-Фарабидің қабірін тауып, басына тағзым жасайды. Ұлы бабамыз Әл-Фарабидің мәңгі мекені – Баб ас-Сағир зираты басындағы көңіл-күйін, ішкі сезімін туысқандары мен ғалымдарға жырдай қылып айтушы еді және оны өзінің «Әл-Фараби және Абай» атты кітабында жазып та кетті. «Қабір басында көз жасымды тыя алмадым, қабіріне бас иіп тұрып, бір шөкім топырағын орамалымның шетіне түйіп алдым да, құранның өзім білетін сүрелерінің бірін ағытып қоя бердім» дейтін. Ақжан бабамыздың басында тұрып шығарған өлеңі де бар:

Түркістан, Шам арасын жақындатқан бабамыз
Басыңа келді ұрпағың, ақылды, дария данамыз.
Араб, парсы, түрікте Сізді білмес жан бар ма?
Басқалар да таниды тарихқа көзін салғанда.
Зират – айлап басыңды
Елден іздеп келген ем.
Тәбәрік етіп бір уыс
Топырақ алдым мен сенен.
Мағауия мешіті,
Сан ғасыр бастан кешірген.
Қасыңда әлі тұр екен.
Дар ас-Салам ол мекен.
Торқалы мекен тоғысқан
Токсан тарау жол екен.
Сізге де мекен болыпты
Ел басын қосқан сол мекен [3, 40 б.].

Ақжан әл-Машанидің үйіндегі кітапханасында сирек кездесетін кітаптар көп еді. Солардың бірі – Иоган Кеплердің «Аспан музыкасы» деген кітабын оқып отыра, Ақжан Жақсыбекұлы Кеплердің жазғандарының бірсыпырасы Әл-Фарабиден алынғандығын анықтады. 1983 жылы Кувейт мемлекетінің «Аль-Фараби» ғылыми журналының тілшісі Мұстафа Набил Алматы қаласына туристік сапармен келеді. Осыны естіген Ақжан Машанов осы шетелдік журналист Мұстафа Набилді тауып кездеседі. Шетелдік журналист Кувейтте шығатын «Әл-Фараби» журналына Ақжан Машаниден алған материалдар бойынша «Орта Азияның мәдениет шамшырақтары» атты мақала жариялап, онда өз пікірін дәлелдеді. Кейіннен осы мақала төңірегінде жарық көрген пікірлерде белгілі ғалымдар «Әл-Машани мырза өз көзқарасын толық дәлелдеді» деп жазды. Міне, содан бері «Әл-Фарабиді ашқан Әл-Машани» деген сөз тіркесі жалғасып кете берді. Ақжан әл-Машани деген атақ Ақжаңның өзіне де ұнағандығы соншалық, «Ай арысы» және «Геомеханика» атты кітаптарында авторы Әл-Машани деп өз қолымен жазып кетті [2, 235 б.].

Жалпы, Әл-Машани 200-ден астам ғылыми мақалалар, 10 монография, 5 оқулық және 8 ғылыми көпшілік кітаптар жазып, артына өшпес мұра қалдырған ғалым. Осы еңбектері арқылы ғалымның кемеңгерлік қырлары жарқырай көрініп, есімі елге мәшһүр болды. Ақжан әл-Машани қаламынан ұлы бабамызға арналған «Әл-Фараби мұрасын зерттеу туралы», «Шығыстың Аристотелі», «Әл-Фараби еңбектерін қазақ тіліне аудару туралы», «Әл-Фараби», «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары», «Әл-Фараби және Абай» сияқты көптеген кітаптары жарық көрді. Әл-Машанидің ғылымға қосқан зор үлесін және ғылыми педагогикалық қызметін жұртшылық пен Үкімет жоғары бағалады. Ол Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, көптеген медальдар және Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталды. Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ жанындағы жаратылыстану гуманитарлық институтына Ақжан Әл-Машани есімі берілген.

Академик Салық Зиманов 1996 жылы Ақжан Машановтың 90 жылдық мерейтойында ғұламаның қайраткерлігі мен тұлғалық қасиеті жөнінде «Мен 1948 жылдан Республика Ғылым академиясында табан аудармай қызмет істеп келе жатқан екі ғалым болса соның бірімін, ал жалқы болса соның өзімін. Сондықтан Академияда әл-Фараби мұрасы жайлы Қазақстан ғалымдары ішінен алғаш мәселе көтерген Ақжан Жақсыбекұлы екендігіне толық кепілдік бере аламын және баба мұрасын игеруге жарты ғасырдан астам ғұмырын бағыштап, өнебойы табандылық көрсетті. Алпысыншы жылдардың аяғына таман әл-Фарабиге арналған академиялық ғылыми кеңесте Әл-Фараби бабамыздың қайтып оралуы-ұлы жаңалық. Бұл біз үшін ядролық физиканың ғылымдағы жаңалығындай», – деп едім деп естелік мағлұмат берген еді [4, 3 б.]. Ақжан Әл-Машанидің зертеулері арқылы Әл-Фараби идеялары бүгін де өмір сүріп келеді. Себебі 1975 жылы Ақжан Әл-Машанидің бастамасымен Әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде Алматы қаласында

өткізілген еді. Енді биыл Ақжан Машановтың шәкірттерінің бастамасымен әл-Фарабидің 1150 жылдығы да ЮНЕСКО көлемінде аталып өтіп жатыр [5, 4 б.]

Ұлы ғұлама тірі кезінде-ақ өзінің замандастары тарапынан бүгінгі күннің Фарабиі деп аталынды. Ол атауға әбден лайық екенін өмірінің соңына дейін қолынан қаламы түспей халқына рухани тұрғыдан қызмет жасағаны дәлел болса керек. Геолог, философ, маркшейдерлік, жазушылық, діни қайраткерлік, тарихшылық – мұның бәрі осындай ұлы адамдарға ғана тән қасиет болса керек. 2007 жылы Ақжан Машановтың 100 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде атап өтілді. Сонда қазақ халқы ұлы тұлғалардың есімдерін Әл-Фараби мен Әл-Машани деп үлкен құрметпен бірауыздан атағанына барлығымызда куә болдық. Академик Салық Зиманов Ақжан Әл-Машаниға «Бүгінгі күннің тірі жүрген Фарабиі», – деп баға беруі де ғалымның ұзақ жылдар бойы ізденісінің жалпыхалықтық тұрғыдан мойындалғаны деп түсінеміз. Ақжан Жақсыбекұлы Машанов әл-Фараби мұраларын зерттеуге жарты ғасырлық ғұмырын арнап, әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр әл-Фарабиді туған еліне қайтарып, оның Отаны бүгінгі қазақ жері екенін өзінің нақты ізденісімен ғылыми тұрғыдан дәлелдеген патриот ғалым.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбдіраман Ш. Ақжан әл-Машани Алматы 2007. – 397 б.
2. Әбдіраман Ш. Фараби ғибратты ғалам. Алматы. 2006. – 392 б.
3. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. Алматы «Қазақстан» 1994 ж. – 192 б.
4. Ақжан әл-Машанидің – 90 жылдық мерейтой. //Қазақ әдебиті. – 1996. – 2 мамыр.
5. Смағұлов Н.Б. Әбу Насыр Әл-Фараби және Ақжан Әл-Машани: ұлы тұлғалар құбылысындағы рухани сабақтастық. //Ortalyq Qazaqstan. №113 (22709) – 2019. – 12 қазан. – 4 б.

Әл-Фарабидің "Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат" жұмысындағы қоғамдық құрылым идеялары

Кабылдина Г. Е.

Ғылыми жетекшісі: тарих магистрі Анасова А.Б.

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай аймақтық университеті

Әбу Насыр Әл-Фараби –аристотелианизмнің көрнекті ойшылы, ізбасары, орта ғасырлық Шығыстың өзіндік ғалымы, шығу тегі бойынша түріктер, қала тумасы, 870 жылы дүниеге келген. Әл-Фарабидің алғашқы білімін отанында алған деп саналады. Орта Азиядан кеткенге дейін Фараби сонда болды Самарқандта және Бұхарада біраз уақыт оқып, жұмыс істеді. Философ білімін жалғастыру үшін ғылым мен тілдердің әртүрлі салаларын зерттей бастаған араб халифатының астанасы және мәдени орталығы бағдадқа барды.

Бағдадта әйгілі аудармашылар мектебі болды, онда сториандар маңызды рөл атқарды. Олар Платон, Аристотель, Евклидтің шығармаларын аударып, оларға түсінік берді. Параллельді даму процесі болды. Үндістанның 74 мәдени жетістігі, мұндай жұмыс дербес шығармашылық белсенділікке түрткі болды.

Әл-Фараби ежелгі философтардың жетістіктерін игеріп, сыни тұрғыдан қайта қарастырды. Оның философиядағы қызметтерінің үлкен болғаны соншалық, әл-Фарабиді «Екінші философ» (Аристотельден кейін) деп атады.Әл-Фараби мұрасы орасан зор, философия мен логикада, саясат пен этика, музыка мен астрономияда 150-ден астам трактат бар.

Әл-Фарабидің бірқатар әлеуметтік-Этикалық трактаттары қоғамдық өмір туралы ілімге арналған ("ізгілікті қала тұрғындарының көзқарастары туралы Трактат", " бақытқа жету туралы кітап", " бақыт жолдарын көрсету", " Азаматтық саясат", " соғыс және бейбіт өмір туралы кітап", " қоғамды зерттеу кітабы", "ізгілікті адамгершілік туралы").